МРНТИ/ҒТАХР/IRSTI 03.20
УДК/ӘӨЖ /UDC 2 (574) https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.026

А.М.Хайрулдаева[1]*

[1]*«SDU University» постдокторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы,*
Қазақстан,Қаскелең, Алматы
e-mail:a.khairuldayeva@abaiuniversity.edu.kz
https://orcid.org/0000-0002-3303-7569

ОТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДАҒЫ XVIII ғ.-XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ- ҚОҚАН ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа

Қазақ халқының тарихындағы XVIII ғ.-XIX ғасырдың бірінші жартысы ерекше кезең болып табылады. Аталған кезеңде қазақ жері түрлі саяси күштердің — Ресей империясының, Қоқан, Хиуа хандықтарының, Бұхара әмірлігінің мүдделері тоғысқан аймаққа айналды. Солардың ішінде Қоқан хандығы мен қазақ рулары арасындағы қарым-қатынастар ерекше күрделі және көп қырлы сипатымен ерекшеленеді.

Мақалада осы мәселеге қатысты отандық тарихнаманың зерттеу кезеңдері мен негізгі еңбектері қарастырылады.

Қоқан хандығы мен қазақ халқының өзара қатынастары әскери, саяси тұрғыда, сонымен бірге экономикалық, мәдени және діни ықпалдастық тұрғысынан да маңызды.

Қазіргі таңда бұл тақырып Орталық Азия халықтарының ортақ тарихи кеңістігін түсінудің, яғни, өңірлік ықпалдастық пен мәдени сабақтастықты түсінудің, бағалаудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысында қазақ-қоқан қарым-қатынастар тақырыбының отандық тарихнамада қалай және қандай бағыттарда зерделенгенін, осы саладағы зерттеулердің теориялық-методологиялық негіздерін, көзқарас эволюциясын, сондай-ақ, идеологиялық факторлардың ықпалын саралауға бағытталған. Жұмыстың мақсаты қазақ-қоқан қатынастарын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне тарихнамалық және дискурсивтік тұрғыдан жүйелі шолу жасау болып табылады. Зерттеуде кеңестік кезеңдегі тарих ғылымының саяси шектеулері мен методологиялық догмалары, сондай-ақ, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі жаңа ғылыми парадигмалар – өркениеттік, посткеңестік және тарихи-салыстырмалы әдістер – арнайы талданады.

Түйін сөздер: Қоқан хандығы, ортазиялық елдер, отандық тарихнама, тарихнамалық дерек, тарихнамалық шолу, қазақ-қоқан қатынастары

Алғыс айту: *Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландыратын ғылыми жоба (грант № AP26101025) аясында дайындалған.*

А.М. Хайрулдаева [1]*

[1]*Постдокторант «SDU University», старший преподаватель КазНПУ имени Абая*
Казахстан, Каскелен, Алматы
e-mail:a.khairuldayeva@abaiuniversity.edu.kz
https://orcid.org/0000-0002-3303-7569

КАЗАХСКО-КОКАНДСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В XVIII - В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX вв. В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Аннотация

XVIII и первая половина XIX веков является особенным периодом в истории казахского народа. Отмечается периодом сплетения различных политических сил и интересов таких государств как Российская империя, Кокандского и Хивинского ханств, Бухарского эмирата, которым стала казахская земля. Особенно выделяется сложным и многогранными отношениями между казахскими племенами и Кокандским ханством.

В статье рассматриваются проблемы и ключевые моменты исследования отечественной историографии.

Важное значение имеет проблемы и отношения между казахским народом и Кокандского ханства с точки зрения военно-политического и экономического характера, а также культурной и религиозной интеграции.

Тема исследования является одной из основных направлений понимания современной эпохи и интеграции региональной, культурной преемственности народов на исторических широтах Центральной Азии.

Целью исследования является провести анализ направлений казахско- кокандских отношений в истории отечественной историографии, теоретических и методологических основ исследования в этой области, эволюции взглядов и влияние идеологических факторов.

Цель статьи провести систематический обзор работ ученых, изучавшие казахско-кокандские отношения в историографии и с точки зрения дискурсивных систем. В частности, проводится анализ политических ограничений и методологических догм в истории науки в советский период, а также новые научные парадигмы в постколониальный период, с использованием цивилизованных, постсоветских и историко-сравнительных методов. Кроме того, в научное обращение включены и рассмотрены новые интерпретации источников.

Ключевые слова: Кокандское ханство, среднеазиатские страны, отечественная историография, историографический источник, историографический обзор, казахско-кокандские отношения.

Благодарность: *Статья подготовлена в рамках научного проекта, финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP26101025).*

A.Khairuldayeva[1]*

[1]*Postdoctoral researcher «SDU University»,*
senior lecturer Abai Kazakh national pedagogical university, Kazakhstan, Kaskelen, Almaty
e-mail: a.khairuldayeva@abaiuniversity.edu.kz
https://orcid.org/0000-0002-3303-7569

KAZAKH-KOKAND RELATIONS IN THE 18th AND FIRST HALF OF THE 19th CENTURY IN LOCAL HISTORIOGRAPHY

Abstract

The eighteenth century and the first half of the nineteenth century represent a particularly significant period in the history of the Kazakh people. During this time, Kazakh territories became a zone of intersecting interests of various political powers, including the Russian Empire, the Khanates of Kokand and Khiva, and the Emirate of Bukhara. Among these actors, relations between the Kokand Khanate and the Kazakh tribes were especially complex and multidimensional.

This article examines the stages of research and the principal works within domestic historiography addressing this issue. The interactions between the Kokand Khanate and the Kazakh population are significant not only from a military and political perspective, but also in terms of economic, cultural, and religious interaction.

At present, this topic constitutes one of the key areas for understanding the shared historical space of the peoples of Central Asia, as well as for assessing regional integration and cultural continuity. The article aims to analyze how and in what directions the theme of Kazakh–Kokand relations has been studied within domestic historiography, focusing on the theoretical and methodological foundations of research, the evolution of scholarly interpretations, and the influence of ideological factors.

The purpose of the article is to provide a systematic historiographical and discursive review of the works of scholars who have studied Kazakh–Kokand relations. The study specifically examines the political constraints and methodological dogmas of Soviet-era historical scholarship, as well as the new scholarly paradigms that emerged after independence, including civilizational, post-Soviet, and comparative-historical approaches.

Keywords: Central Asian countries; Kokand Khanate; domestic historiography; historiographical sources; historiographical review; Kazakh–Kokand relations.

Acknowledgement: *This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP26101025).*

Кіріспе

Қазақстанның XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Орта Азия мемлекеттерімен арадағы саяси және мәдени қарым-қатынастары – Орталық Азия тарихындағы күрделі әрі көпқырлы үдерістердің бірі болып табылады. Бұл кезеңде Қазақ хандығы мен көршілес Хиуа, Қоқан және Бұхар хандықтары арасындағы өзара әрекеттестік аймақтық тұрақтылық пен саяси баланстың қалыптасуына тікелей әсер етті. Дегенмен, бұл тарихи өзара қатынастар тек дерек көзі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, тарих ғылымындағы оларды зерттеу формалары мен тәсілдері тұрғысынан да жан-жақты талдауды қажет етеді.

XVIII ғ.-XIX ғасырдың бірінші жартысы Орта Азия аймағында дәстүрлі мемлекеттердің өзара бәсекелестігі мен сыртқы саяси қысымның күшеюімен ерекшеленді. Бұл кезеңде Қоқан хандығының саяси сахнада күшеюі және оның Сырдария бойы, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Жетісу өңірлеріне бағытталған экспансиялық саясаты қазақ қоғамының тарихи дамуына елеулі ықпал етті. Қазақ-қоқан қатынастары осы аймақтағы билік үшін күрестің, экономикалық мүдделердің және әскери-саяси тепе-теңдіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Аталған мәселе отандық тарих ғылымында ұзақ уақыт бойы арнайы тарихнамалық талдау нысанына айналмай, көбіне жалпы Қазақстан тарихы немесе Орта Азия халықтарының тарихы аясында қарастырылды. Кеңестік кезеңде бұл қатынастар таптық-идеологиялық тұрғыдан бағаланып, Қоқан хандығы «феодалдық-реакциялық мемлекет» ретінде сипатталады. Ал қазақ қоғамының Қоқан билігімен байланысы көбіне қанаушылық пен қарсылық контекстінде түсіндірілді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін отандық тарихнамада әдіснамалық бетбұрыс жасалып, қазақ-қоқан қатынастары мәселесі ұлттық мүдде, аймақтық саясат және тарихи шынайлық тұрғысынан қайта қарастырыла бастады. Бұл кезеңде зерттеушілер қоқан хандығының қазақ жеріндегі саясатын бір жақты отарлау емес, күрделі әрі көпқырлы саяси үдеріс ретінде қарастыруға ұмтылды.

Мақаланың мақсаты XVIIIғ.-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-қоқан қатынастарының кеңестік кезеңдегі отандық тарихнамада зерттелу деңгейін, негізгі бағыттарын, концептуалдық ұстанымдары мен методологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы тарихнамалық сипатта болғандықтан, негізгі дереккөз ретінде отандық тарихшылардың монографиялары, ғылыми мақалалары, диссертациялық зерттеулері пайдаланылды. Әсіресе кеңестік кезеңде және тәуелсіздік жылдарында жарияланған еңбектерге басымдық берілді. Мақаланы жазу барысында кеңестік кезеңдегі зерттеушілер: С.Асфендияровтың, Е.Бекмахановтың, А. Чулошниковтың, М.Вяткин, П.Ивановтың, С.Зимановтың, Толыбековтың саяси билік өкілі және қазақ тарихының да кейбір мәселелерін қарастырған Т.Рысқұловтың еңбектері негізге алынды. Тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеушілердің арасынан С.Мадуанов, Ө.Қожақұлының, А.Махаеваның және т.б. зерттеу еңбектері пайдаланылды.

Мақаланы жазу барысындағы әдіснамалық негізін төмендегі әдістер құрайды:

Тарихнамалық талдау әдісі мақаланы жазуға қолданылған тарихнамалық деректерді талдау, берілген мәселелерді талқылау үшін қолданылды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс отандық тарихнаманың әр кезеңдегі зерттелу мәні мен ерекшеліктерін айқындау үшін тиімді болды.

Концептуалдық талдау кеңестік кезең мен тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеу ерекшеліктерін саралауда пайдаланылды.

Бұл әдістер қазақ-қоқан қатынастары мәселесіне берілген түрлі ғылыми бағаларды салыстыруға, олардың уақыт өзгеру логикасын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

XVIII ғасыр – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның ортазиялық елдермен қарым-қатынастары мәселесі – кеңестік тарихнамада үстірт зерттелген тақырыптардың бірі. Өз кезегінде шығыстанушы ғалым -П.П. Иванов қазақтар мен өзбектер арасындағы қарым-қатынастардың ежелден жалғасып келе жатса да XX ғасырдың 20–30 жылдарына дейін дұрыс зерттелмегенін баса көрсетті, оның себебін қарастырылып отырған кезеңдегі қазақтардың да, Қоқан хандығының да тарихына қатысты қолжазба нұсқалар мен материалдардың шашыраңқы және көптеген зерттеушілер үшін қол жетімсіздігімен байланыстырды. Белгілі тарихшы Ермұхан Бекмаханов Қазақстанның Бұхара, Хиуа, Қоқан хандықтарымен қарым-қатынастарының 1917 жылға дейінгі, яғни революцияға дейінгі тарихнамада аз зерттелгеніне назар аударды. Оның себебін патшалық Ресей зерттеушілері тарапынан тек отарлау мақсатындағы ғана қызығушылықтар болғандығымен, Қазақстанның көршілес елдермен мәдени, экономикалық байланыстарының қарастырылмағандығымен түсіндірді. Посткеңестік кезеңдегі тарихшы-ғалым С. Мадуанов мәселенің зерттелу деңгейін айқындай келе осы тұжырымды бекітті. Оның пікірінше, проблеманың зерттелмеуінің «өзіндік себептері бар. Қазан революциясына дейінгі уақыттарда Орталық Азия мәдени-тарихи тұтастық ретінде қарастырылды. Осыған орай ғылыми әдебиеттерде, күнделікті өмірде «түркістандықтар», «ортаазиялықтар» және т.б. атаулар көрініс тауып, қолданылды. Кеңес өкіметі орнағаннан

кейін, шамамаен 1920–жылдардың соңына қарай әрбір халықтың мәдени ерекшеліктерін жеке қарастыру үрдісі пайда болды. Бұл бағыттың астарында большевиктердің 1924–1925 жылдардағы ұлттық межелеуге негізделген «әлеуметтік тапсырыс» саясаты жатты. Бірте-бірте ортаазиялық халықтар мен республикалардың тарихын бір-бірінен алшақ зерделеу орын алды» [1, 15-б]. Дегенмен кеңестік кезеңде проблема саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени байланыстар ауқымында жеке тақырып ретінде зерттелмесе де тарих ғылымында зерттеушілердің бірнеше буын өкілдері жинақтаған бай материалдар қоры бар.

Кеңестік тарихшылардың арасында мәселені алғаш рет зерделегендердің қатарында «Қазақстанды зерттеу қоғамының» төрағасы А.П. Чулошников тұрды [2]

1920– жылдары белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың «Жетісу мәселелері», «Қазақстан», «Қырғызстан» атты еңбектері жарық көрді. Соңғы екі монографиясында Қазақстанның және Қырғызстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына шолу жасаумен бірге тарихи өткеніне тоқталды [3].

С.Ә.Асфендиаровтың еңбектерінде қазақ даласының оңтүстігінде құрыла бастаған ортазиялық хандықтар қазақтардың көршілес алпауыт елдің бодандығын қабылдауына мәжбүр еткен себептердің бірі ретінде көрсетіледі[4].

Павел Петрович Иванов Орта Азия елдері тарихын, осы аумақты мекендеген халықтардың XVI–XIX ғасырлардағы әлеуметтік, экономикалық, саяси түркі және парсы жазба, қазақтардың ауызша деректері, ресейлік экспедиция материалдары негізінде зерттеген еңбектерінде қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастарына тоқталды [5]. Автордың 1938 жылы жазылып, қолжазба күйінде Ресейдің Шығыс қолжазбалары институты архивінде сақталған XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Орта Азия және Қазақстан туралы мақаласы 2011 жылы Е.И.Серованың алғы сөзімен жарық көрді. Аталған мақалада Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтарының XVIII ғасырдың екінші жартысындағы саяси және экономикалық тарихына шолу жасап, Қазақстан тарихына қатысты кейбір мәселелерді көтерді. П.П. Иванов XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақтардың саяси тарихына қысқаша шолу жасай отырып, сол кезеңде қазақ даласындағы жағдайға саяси жағынан әлсіз болды деп баға береді және оның төмендегі себептерін көрсетеді: 1. үш жүз хандары арасындағы алауыздық; 2. Экономикалық жағынан артта қалушылық; 3. Жоңғар шапқыншылығы. Осы аталған себептер қазақтар мен Орта Азия елдері арасындағы қарым-қатынастарға айтарлықтай ықпал етті. XVIII ғасырдың 30–жылдарында Орынбор қаласының салынуы қазақтардың Ресеймен, Орта Азия елдерімен сауда қатынастарының дамуына және қазақ даласындағы әкімшілік-саяси және сауда орталығына айналып, қазақ даласындағы сауда қатынастарының жандануына себеп болған.

П.П. Иванов Орта Азия тарихы бойынша очерктерінде де қазақ-өзбек қатынастарына XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Бұхар, Хиуа, Қоқан хандықтарын арнайы зерделеу ауқымында тоқталған [6]. Алдыңғы мақаласындағы ойларын сабақтай келе автор: «XVIII 80– жылдарында Ұлы жүз аумағын Ташкент билеушісі Жүніс қожа жаулап алды, хан лауазымын жойып, билігін жекелеген тайпалар ұсынған текті адамдар арқылы жүргізді», - деп жазды [6, 96-б.].

Қазақ-өзбек қатынастары М. Вяткиннің «XVIII ғасырдың ортасындағы қазақ қоғамы» атты мақаласынан көрініс тапты [7]. XVIII ғасырдың ортасындағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қысқаша шолу жасаған тарихшы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен байланыстарына үстірт тоқталды.

XIX ғасырдың екінші ширегіндегі Ұлы жүздің Шығыс бөлігіндегі жағдайды зерттеуде М.Вяткин Алла-құл мен Кенесары ханның өзара байланыстарын арнайы қарастырды. Екінші жағынан Қоқан хандығына вассалды құқықтағы Ташкентті билеген құшбегі Кенесарыны солтүстіктегі көшпенділердің жорықтарынан қалқан ретінде пайдалануды ойлады. Сол себепті Кенесарыға Ташкент аймағының солтүстік-батыс шекараларына бекініс салып, қару-жарақпен қамтамасыз етуді уәде етіп, қоныстануға шақырды. Алайда Кенесары ташкент бегінің қолындағы қаруға емес, осы шекарада өзінің үстемдігін бекітуге ұмтылғандығына тоқталды [8, 276-б.].

Е. Бекмахановтың та кеңестік идеологиялық ұстанымнан тыс қалмағаны белгілі. Дегенмен оның еңбегі деректік базасының молдығымен, тарихилығымен, объективтілігімен, ұлттық мүддеде зерделенуімен ерекшеленеді.

Қазақтарға қатысты агрессиялық саясатты қоқан билеушілері ұстанды. Е. Бекмаханов қазақ ақын-жыраулары тәрізді Әлім ханның озбырлығын, оның Ташкентке жасаған жорығын баяндады. Омар ханның кезінде Түркістанның және оның маңынжағы жерлердің жаулап алынуын, Жаңақорған. Жүлек, Ақмешіт, Құмышқорған, Шымқорған, Қошқорған, т.б. бекіністердің салынғандығына назар аударды [9, 173-б.]. Қоқан ханының қол астында Ұлы жүздің ру-тайпалары: бестамғалы, сыйқым, шымыр, жаныс, ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр, сырғалы болды. Өзіне дейінгі зерттеушілер тәрізді Е. Бекмаханов қоқан билеушілерінің жаулап алу саясатының тонаушылықпен ғана шектелмей сауда-саттықты дамыту бағытында болғандығын ашып көрсетті. Салық, түрлі алымдардың көлемін, оларды жинаудағы қоқандықтардың озбырлығын, жергілікті халық үшін аса ауырлығын баяндаудағы тұжырымдары П.П. Иванов, М. Вяткин пікірлерімен үндесті.

Е. Бекмаханов қоқан үстемдігіне қарсы қазақтардың көтерілістері туралы да жазды. Оның Тентек төре бастаған көтерілісті сипаттауы тартымды әрі өзге авторларда мұндай мәліметтер мен тұжырымдар кездеспейді.

Ғалымның Кене Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы кезіндегі ханның Бұхар, Хиуа және Қоқанмен байланыстары - өзге зерттеушілермен салыстырғанда анағұрлым терең әрі шынайы. Дәстүрлі деректер және архив құжаттары негізінде қарастырылған қазақтармен ортаазиялық хандықтар арасындағы қарым-қатынастарын зерделеу нәтижесінде жасаған тұжырымдарының заманауи тарихшылар үшін маңызы зор.

1920–1950 жылдары тарихшылар қазақ даласының ортаазиялық хандықтармен сауда байланыстарын назардан тыс қалдырмады. Осы орайда С.К.Ибрагимовтың «Қазақтардың XVIII ғасырдағы сыртқы сауда байланыстарының тарихынан» атты мақаласы ерекшеленеді [10]. Қазақтардың XVIII ғасырдағы сауда байланыстары туралы мәліметтердің аздығын және арнайы зерттеудің ғылымнан орын алмағандығын айта келе өзінің зерттеуін архив құжаттарына және жарияланған еңбектерге сүйене отырып дайындағандығын ескерткен. Шындығында да 1950 және одан кейінгі жылдардағы кеңестік тарихнамадан аталған мәселеге арналған еңбектер (1990 жылы жарық көрген Ж. Қасымбаевтың еңбегінен басқа) көрініс таппаған. С.К. Ибрагимов XVIII ғасырдағы орыс деректері бойынша қазақтардың сауда байланыстарына талдау жасап, салмақты тұжырымдар жасады.

Қазақтардың ортазиялық хандықтармен қарым-қатынастары, соның ішінде сауда байланыстары туралы С. Толыбеков өзінің іргелі еңбегінде қысқаша жазды [11]. Ғалым қазақ-ортаазиялық қатынастардың саяси байланыстарын қарастырды. Оған дәлел - автордың «XIX ғасырдың басында оңтүстіктегі қазақтар Қоқан, Хиуа хандықтарының қол астына қарады. Қоқанның, Хиуаның үстемдігі тұрғындар арасында ислам дінінің ықпалын күшейту арқылы жүргізілді. Қоқан, Хиуа бектері қазақтардан: көшпенділерден зекет, отырықшы тұрғындардан ұшыр деп аталатын шамадан тыс салық жинады» деген тұжырымы [11, 227-б.].

Тәуелсіздік жылдары көрсетілген кезеңдегі Қазақстанның ортаазиялық мемлекеттермен, соның ішінде Қоқан хандығымен қарым-қатынастары тарихын зерттеу ары қарай жалғасты. Отандық тарихнамадан аталған мәселе арнайы зерделеген еңбектер орын алды. Солардың бірі – Сейітқали Мадуановтың еңбектері [12]. «Взаимоотношения казахов с другими соседними народами центральной Азии в XVIII-начале XIX в. (политические и социально-экономические аспекты)» атты монографиясының «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың өзбек хандықтарымен саяси байланыстары» тақырыбындағы тарауында қазақ-қоқан қарым-қатынастары туралы айтылады [1].

Өтеубай Қожақұлының іргелі зерттеуінің «XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың 40-50-жылдарындағы «Қазақтар мен Қоқан хандығы» атты екінші және «Ұлы жүз бен Орта және Кіші жүздегі тәуелсіздік үшін күрес және Қоқан билеушілерінің бағыты» тақырыбындағы үшінші тарауларында қазақ-қоқан байланыстары қарастырылады [13]. Зерттеудің өзге еңбектермен салыстырғанда ерекшелігі парсы-тәжік тілінде жазылған 1810-1823 жылдардағы

Омар хан билігі тұсындағы оқиғалар көрініс тапқан Абд-ал-Кариманаман Ғанидың «Омар наме»(Умар нама), Мырза Каландари Исфараштың «Шах намайи Умар хани», Мухаммед – Лаким- ханатораның «Мунтахаб ат – тауарих» және т.б. жылнамалар, оларда келтірілген мәліметтер туралы айтылады [13, 19-б.]. Автор орыс елшілері қалдырған жазбалардың арасында казак әскерінің атаманы, подпоручик Дмитрий Телятниковтың «Объвление» естелігінің шынайылығын атап көрсетеді [13, 32-б.]. Ө. Қожақұлы осы жазбадағы мынадай бір фактіге тоқталып, оның шынайылығына күмән тудырады. «Д. Телятниковтың жазбасында Жүніс қожаның құзырындағы қазақтың шанышқылы, үйсін рулары Ташкент билеушісіне алым-салық төлеп тұрғандығы туралы айтылған. Бірақ мұндағы Жүніс қожа алым-салық жинау кезінде қол астындағы рулардан түтін басынан бір қойдан алып отырды деген мәлімет қате. Оның басты дәлелі Д. Телятниковтың естеліктерінен басқа құнды құжаттар мен хаттарда, күнделіктерде Жүніс қожа көшпелі қазақтардан салық жинағанда түтін басынан бір қой емес әр жүз қойдан бір қой алғандығы айтылады» дегені осының дәлелі [13, 32-б.]. Бұл - автордың орыс елшілері мен саяхатшыларының жазбаларын сыни талдаудан өткізгендігінің айғағы. Соның нәтижесінде Ө. Қожақұлы «Жүніс қожаның Орта Азияның бірқатар аудандары мен Үлкен Орда мекендерін бағындыру үшін күресі тұрғындарды аяусыз қырумен жүрді» деген тұжырым жасады [13, 33-б.].

Тарихшы-ғалымдар А.Ш. Махаева мен З.Т. Садвокасованың бірлескен мақаласында Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде қазақ-қоқан қарым-қатынастары мәселесінің өзіндік тарихы бар күрделі тақырып екендігіне назар аударылды [13]. Осы тақырыпты аша түсуде қазақ ақын-жыраулары мұралары құнды тарихи дерек қызметін атқаратындығы қадап айтылды. Авторлар Ә. Оспанұлының пікіріне сүйене отырып, «XVIII ғасырдың аяқ шенінде Қазақстанның күнгейінде Қоқан басшыларының қорлық-зорлығына қарсы халық тілегін білдірген, азаттық аңсаған әдебиетіміз қалыптаса бастады. Аталған әдебиеттің ең әуелгі өкілі – Жанкісі жырау болғаны баршамызға белгілі», - деп жазды [13, 12-б.]. Бұл айтылғандар азаттықты ту етіп ұстаған әдебиеттің құндылығымен қатар XVIII ғасырдың соңында қазақ-қоқан қатынастарының шиеленісуінің зардаптарынан хабар береді. Сонымен қатар қоқан езгісіне қарсы күрескен батырлар мен ел ардақтыларын тануға жол ашады.

Қазақ-қоқан қатынастары Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін бес томдық академиялық басылымның үшінші томы «XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың алғашқы үштен біріндегі Оңтүстік Қазақстан» атты тарауда арнайы қарастырылды [14].

«Қазақ ру-тайпаларының тарихы ғылыми-зерттеу жобасы аясында жарық көрген «Қаңлы» атты ұжымдық еңбекте қазақ-қоқан қатынастары тұсындағы қаңлылар арнайы зерттелді [15].

Талқылау

А.П. Чулошников «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары қазақтардың көрші елдерге, соның ішінде ортаазиялық хандықтардың аумағына ауа көшуге мәжбүр болғандықтарын баяндай келе, «Ұлы жүз тайпаларының біраз бөлігі Ходжентке, Орта жүздің айтарлықтай бөлігі Самарқанға, Кіші жүздіктер Хиуа мен Бұхарға көшті», - деп жазды [2, 159-б.]. Босқындардың аталған жерлерде жағдайлары нашар болған. Бұл тұжырымын автор былайша түйіндеген: «Қашқындарды құмды ортаазиялық далалар жылы қабақ танытпай, ашулы қарсы алды, оларға шұрайлы жерлерін жеткілікті түрде бермеді. Осындай жағдайда босқындарға құнарсыз жерлерде ұзақ уақыт қалу мүмкін болмады. Кері қайтуға да күш пен жігер болмады» [2, 159-б.].

Т.Рысқұлов «Қазақстан» деген зерттеуінде қазақ халқының қалыптасуынан бастап XX ғасырдың 20–жылдарындағы тарихи оқиғаларды баяндады. Ұлт зиялысының пікірінше, XVIII–XIX ғасырдың орта кезіндегі Жетісудың саяси ахуалы жөнінде қысқаша айтып өтті. Ұлы жүз қазақтарының 1798 жылы Ташкенттен айырылды, XIX ғасырдың басында Қоқан хандығына бағынды [3, 214-б.]. «Қырғызстан» атты монографиясында «қазақтар мен қырғыздардың арасындағы, соңғыларының руаралық алауыздықтарын ұтымды пайдаланған Қоқан хандығы оларды өзіне бағындырды. Қоқандықтардың қырғыздарды өзіне тәуелді етуі орыстардың жаулап алуына дейін жалғасты» делінді [3, 293-б.]. Сонымен қатар Т. Рысқұлов

«1916 жылғы қазақтар мен қарақырғыздардың көтерілісі туралы» еңбегінде қазақ-өзбек қатынастарына қысқаша тоқталды [16].

С.Асфендиаров өз еңбегінде қазақтардың Бұхар, Қоқан, Ресей арасындағы сауда қарым-қатынастарында делдалдық қызмет атқарғандығына назар аударды. Кіші жүздің Ресей аумағына жақын орналасуы елдер арасындағы керуен саудасының дамуына ықпал еткендігін, қазақтардың қалыптасқан жағдайды орыс бодандығын қабылдау арқылы нығайта түскісі келгендіктерін баса айтты. Орта және Кіші жүздегі ахуалдың да сондай болғандығын көрсетті. Қазақ хандары Ортаазиялық хандардың әлсіздігін, өзара алауыздықтарын пайдаланып, тонаушылық мақсаттағы жорықтар жасады, олар да өз кезегінде қазақ хандарын әлсіретуді көздеді, қазақ даласының оңтүстігіне бекіністер салу арқылы өздерінің шекарасын мазасыз көшпенділерден қорғағысы келгендігі туралы тұжырым жасады. Қоқан және Бұхара билеушілері өздері бекіністер салған жерлерге қазақтардың арасынан шыққан билеушілерді тағайындау арқылы қазақтар арасынан өздеріне әлеуметтік қолдау тапқысы келді, сондықтан қазақтарға арнап өздерінің «датха» сияқты лауазымдық титулдарын тағайындады деп айта келе, «датха» деген қоқан немесе бұхара генералы деп көрсетті. Қоқан және бұхара феодалдық аристократиясы мен сауда буржуазиясының тірегі қазақ даласына ене бастаған мұсылман діндарлары болды», - деп жазды. Оңтүстік Қазақстанда Ақмешіт, Түркістан, Шымкент, Әулие-Ата, Сайрам, Қара-Бұлан, Жүлек сияқты өзбек елді мекендері пайда болды, ал өзбек отарлауы-ның ең шалғай форпосттары Созақ пен Шолаққорған болды деген сипаттама берді [17, 102-103-б.].

Қазақтар мен ортазиялық хандықтар арасында айырбас саудасы болды, қазақтар негізінен мал шаруашылығы өнімдерін басқа тауарларға айырбастайтын және айырбас саудасын қазақтардың арасында негізінен феодалдар мен хандардың өздері жүргізді дей келе, Қоқан, Хиуа, Бұхара, Ташкент, Орынбор қалалары негізгі сауда жасау пункттері болған деп сипаттады [17,110-б.].

П.П.Иванов болса сол кезеңдегі қазақ даласындағы ішкі саяси жағдайға, үш жүздің әрқайсысының саяси дамуында орын алған ахуалға қысқа да болса нақты баға берді. Ғалымның зерттеуінше, Кіші жүз қазақтарының бір жағынан Ресей патшалық билігінің қолдау, қолпаштауына сүйенген қазақ сұлтандарынан, билеушілерінен қысым көрсе, екінші жағынан өз ықпалы мен билігін сақтап қалу үшін Хиуа, Қоқан хандықтарының ығында кеткен билік басындағы қазақтардың қыспағында қалған. XVIII ғасырдың 80–жылдарында бұрын қазақтарға тиесілі болған Ташкент қаласы Жүніс қожа билігі кезінде Қоқан құрамына өткен және ғасыр аяғына қарай оның ортазиялық сауда қатынастарындағы рөлі артқан. Жүніс қожа Ташкентті басып алғаннан кейін қазақ даласын бағындыруға тырысқан. Оның билігі Түркістанға дейін жетіп, Шымкентпен шектескен. Ол Ұлы жүзде хандық билікті жойған, бірақ, қазақтардың ішкі істеріне араласпай, оны қазақ билеріне қалдырып, тек зекет жинаумен шектелген. Өз билігін нығайту мақсатында қазақтардың арасындағы ықпалды адамдарды кепілдікте ұстаған. П.П. Ивановтың пайымдауынша, Жүніс қожа билігінің Қазақ даласына таралу әдістері және қазақтараға тигізген ықпалы туралы маңызды анықталмаған жайттар бар. Осы кезде қазақтар мен өзбектер арасында сауда қатынастары дамыған, қазақ даласына жіберілген сауда керуендері негізінен қарапайым және жібек маталарды апарып, орнына мал алған. Жүніс қожа әскерінің негізін қазақтың шанышқылы руының өкілдері құраған.

Ташкент билеушісінің жорықтарында қазақтардың маңызды рөл атқаруы билер мен батырлардың ықпалының нәтижесі болуы мүмкін [5, 107-109-б.].

Әлім хан кезіндегі Ташкент қаласының бағындырылуы, одан әрі қазақ даласына қарай жылуға жол ашқаны, ал оның қазақтарға жасаған алғашқы жорықтары, кейінгі Қоқан билеушілері тарапынан жалғасын тауып, Оңтүстік Қазақстанның Қоқан хандығы билігінің қол астында қалуындағы алғашқы қадам болған деген тұжырымға келді. Қазақ-қоқан қатынастары Ташкенттен Алматыға дейінгі сызық бойымен соғылған қоқан бекіністері, сауда қатынастары, салық жинау жүйесі, мұсылман діни қауымдастығы арқылы идеологиялық ықпал ету сипатында орын алды және Ұлы жүз жерінде ақырындап егіншіліктің дамуына жол ашты деген қорытынды жасады.

Екі халық арасындағы қарым-қатынастардың дамуы олардың тікелей шекаралас өмір сүруімен, олардың шаруашылық қалыптарының ерекшеліктерімен анықталған, себебі жартылай тұйық, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар қалалық қолөнер өнеркәсібі бұйымдарын қажет етсе, өзбектер өз кезегінде мал және малдың шикізат өнімдеріне мұқтаж болды деген байлам жасады. Дегенмен мақала өзінің жан-жақтылығымен, сол кезеңдегі орын алған тарихи оқиғалардың жүйелі түрде баяндалуымен ерекшеленсе де келтірілген кейбір мәліметтерге сыни көзбен қараудың қажеттілігі байқалады.

П.П. Ивановтың Орта Азия туралы очерктеріндегі пікірінше, Хиуа хандарымен салыстырғанда қоқандық әскерлердің қазақ қоныстарындағы әрекеттері, әсіресе Әлім ханның билігі кезінде «анағұрлым көп жетістіктер» әкелді. Оның жаулап алуы Ташкентпен аумағымен шектелді. Қоқан феодалдары бағынбаушылықты, тіпті қарапайым наразылықты аяусыз жазалау арқылы билігін өздеріне жақын орналасқан көшпелі далаға таратуға ұмтылды. Осы мақсатқа жетуде жорықтар жасады.

Саяси үстемдігін орнатумен қатар қоқан хандары өздерінің қазақ жерлеріндегі экономикалық ықпалын да күшейтуге ұмтылды. 1817 жылы Сырдарияның төменгі ағысында Ақмешіт, XIX ғасырдың 20–жылдары Әулиеата қаласы, Пішпек, Тоқмақ бекіністері салынды. Қоқан көпестерінің саудасын кеңейту және көшпелі далада қала қолөнершілерінің өнімін сатуды күшейту мақсатында жаңадан салынған бекіністерде базарлар ашып, тұрғындарды тартуға тырысты. Әскерін азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін егіншілікті дамытуды көздеп, суару жұмыстарына қазақтарды қатыстырды [6, 201-б.]. П. Иванов қазақ-өзбек қатынастарын зерттеуде ғылымда алғашқы елеулі қадам жасап, мәселені одан әрі зерттеуге жол ашты.

Қазақтар үшін он тоғызыншы ғасырдың басындағы Қоқан хандарының жаулап алу саясаты қауіп төндірді. 1808 жылы Әлім ханның Ташкентті басып алғанынан кейін бұл жерлер экономикалық және саяси тұрғыда Қоқанға бағындырылды. Тұрғындардың жағдайы нашарлады. Олар өздерінің сұлтан, билерінен өзге қоқан билеушілеріне салық төлеуге міндеттелді. Қазақстанның оңтүстігінде бірқатар қоқан бекіністері салынды. М. Вяткиннің бекіністердің салуының қажеттілігі мен қоқандық билік үшін маңызын анықтаудағы пікірі П.П. Ивановтың тұжырымымен үндесті. П.П.Иванов «Жаңадан салынған бекіністердің қолайлы аумақта орналасуы қоқандықтарға көшпелі даланы жазғы таулы жайлаудан бөліп тастауға, жергілікті тұрғындарды бақылауға алуға мүмкіндік тудырды десе [6, 200-201-б.], М.Вяткин «Бекіністер қазақтардың қоныстарын шектеумен қатар қоқан хандарының салық жинаушылары мен саудагер-өсімқорлар үшін тірек пункттері болды», - деп жазды [8, 265-б.]. П.П. Иванов бекіністерде базарлардың ашылғандығын көрсетсе [6, 201-б.], М. Вяткин базарлардың ашылуын саудагерлердің қызметінің бүкіл қазақ даласына таралуымен байланыстырды [8, 264-б.].

Тарихшылар Қоқан хандығының қазақ даласына идеологиялық ықпал етуін де назардан тыс қалдырмады. «Қоқан феодалдары тұрғындар тығыз орналасқан жерлерде мешіт, медреселер салды. Ферғана ишандарының басшылығымен далада мюридизмді таратты [6, 201-б.] деген П.П.Ивановтың тұжырымын М. Вяткин қайталады [8, 265-б.].

Биліктерін берік әрі ұзақ уақыт бойы ұстап тұру үшін өздерінің әскери күштерінің әлсіздігін білген қоқандықтар П.П. Ивановтың тұжырымынша, көшпелі өңірлерді жергілікті қазақ тектілерінің көмегіне сүйенді. Осы мақсатта айналасына көрнекті сұлтандар мен билерді тартып, оларға түрлі шендер берді, сый-сыяпат көрсетті, біртіндеп өздеріне бағынышты етті [6, 203-б.]. Ал М.Вяткиннің зерттеуінше, «жергілікті тектілер қоқан билеушілерімен одақтас болудың ұтымды тұстарын жылдам байқады. Олар жаулап алушылар жағына ашық түрде шығып, қоқан әскерлерінің қолдауына сүйеніп, қазақтарға күш көрсетті. Бұл езгі тұрғындардың кейбір топтарының қоқан бекіністерінен алыс жерлерге көшіп кетуіне әкелсе, жаулап алушыларға қарсы жекелеген көтерілістер қазақ билеушілерінің сатқындығының салдарынан тез басылды» [8, 266-б.].

Орыс елшілері мен саяхатшыларының жазбалары олардың көздерімен көргендеріне, бастарынан кешіргендеріне негізделгендіктен шынайылығы дау тудырмайды. Дегенмен жазба авторларының мүдделері ресейлік идеологиямен астасып жатқандықтан патша үкіметінің

саясатын дәріптеу орын алды. Десек те мұндай тарихнамалық деректердің қазақ-өзбек қатынастарын бүге-шігесіне дейін зерттеуде мұрындық бола алатындығы даусыз.

XIX ғасырдың орта кезіне қарай Хиуа хандығының үстемдігі Арал теңізі, Сырдария өзені, Үстірт өңіріндегі қазақтарға тарады. Сырдарияның орта ағысына жақын жерлердегі Орта жүздің оңтүстіктегі қоныстары Қоқанға тәуелділігінде қала берді. Қоқан ханының үстемдігі шығысында Лепсі өзеніне дейінгі жерлерге созылды. Екі хандықтың тарапынан қазақтарға жиі тонау мен қысым жасалды. Бас көртерген жағдайда ауылдар тоналып, тұрғындар тұтқынға алынды. М. Вяткиннің зерттеуінше, мұндай шапқыншылықтарға хиуа, қоқан хандарының ақшасына, берген жеріне және лауазымына сатылған қазақ сұлтандары да қатысты [8, 290-б.].

Қоқан тарапынан да тонаушылық аз болмады. Троицк бекінісіне жақын жерлерге қоныстанған Орта жүз қазақтары шапқыншылық зардаптарынан әбден кедейленген тұрғындар балаларын құлдыққа сатуға мәжбүр болды. Әсіресе ауызша тарих айтушылардың еңбектерінде сипатталған Жақып бектің озбырлығы шектен шыққан. XIX ғасырдың орта кезінде ол Ақмешіт бекінісінің бастығы болған. Тонаушылықпен қатар есепсіз салықтар қазақтарды тақырға отырғызды. Мысалы, Сырдария өзенінің аңғарындағы көшпелілерден қоқан билеушілері жылына әрбір шаңырақтан 6 қой, 24 қап көмір, 4 байлаулы арқан сексеуіл және 1 000 бау қамыс жинап алды. Егіншілерден астықтың үштен бір бөлігі талап етілді. Әрбір шаңырақ жылына бір рет қоқан бектерінің егістіктерін өңдеуге, алты рет ат қораларды тазартуға жіберуге тиіс болды. Бұлардан өзге қазақтар әскери міндеткерлік атқарды. Қару ұстауға жарамды ер адам белгілі бір жорықтың басынан аяғына дейін қатысып, қызмет етуге міндетті еді [8, 291-б.].

Іргелі зерттеуде аталған авторлардың назарынан тыс қалған тарихи және тарихнамалық фактілер бар. Е. Бекмаханов орыс елшілері тәрізді алдымен Қазақстанның көрші елдермен шекарасын анықтаудан бастаған. «Қазақтардың оңтүстіктегі қоныстары үш ортаазиялық хандықтармен – Бұхар, Хиуа және Қоқан шектесті. Солардың арасында 1820–1830-жылдары анағұрлым қауыптісі Хиуа және Қоқан хандықтары болды» деген сипаттамасы - осының дәлелі. «Ұлы жүздің бір бөлігін осы уақытта Қоқан басып алған еді. Оның үстіне Қоқан хандығы Ұлы жүздің басым аумағына көз тікті» [9, 163-б.] деген тұжырымынан қазақтармен шектесіп жатқан Қоқан хандығының қазақ жерлеріне қатысты белсенді саясат жүргізгендігін анық көрінеді.

Жоғарыда айтылғандай, қазақтар мен ортаазиялық хандықтар арасындағы қарым-қатынастар әртүрлі бағытта, түрлі сипатта дамыды. Олардың бірінің қазақтар үшін маңызы болғанымен, енді бірінің жағымсыз салдары тұрғындарға әсер етпей қоймады. Осы орайда Е. Бекмаханов «Хиуа, Қоқанның саяси және экономикалық шараларымен қоса идеологиялық ықпал ету тәсілдерін, солардың ішінде реакциялық діни ағым болып саналатын мюридизмді пайдаланды», - деп жазды [9,163-б.]. Ортаазиялық хандықтардың дінді берік ұстанғандары белгілі, дегенмен мюридизм соншалықты реакциялық діни ағым емес. Ол исламдағы сопылық бағыттың бірі болып табылады. XIX ғасырдың 20–50-жылдары бұл бағыт Орта Азиядан өзге Кавказ аумағына кең таралған. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде бар. Е.Бекмахановтың зерттеуі кеңестік кезеңде, тоталитаризмнің қайта күшіне енген уақытында жарияланғандықтан дінді жоққа шығарған, атеистік Кеңес Одағында басқаша жазу мүмкін емес еді. Автор ортаазиялық билеушілер «басып алынған аумақта ауыртпалығы патша отарлаушыларының езгісінен асып түсетін феодалдық езгі жүйесін орнатты» деген тұжырымы шындықпен үйлеседі [12, 163-б.]. Бұған ғалымның өзі архив құжаттарын талдау арқылы көз жеткізді.

Е.Бекмаханов зерттеуіндегі Қоқан езгісіне қарсы көтерілісте 12 мың адамнан тұратын көтерілісшілер қоқан бекінісі – Сайрамды басып алған. Көтерілістің ауқымынан шошынған Омар хан оларға қарсы Абдул-Қалым-Аталық бастаған әскерді жіберген. Әскердің жақындағанын естіген Тентек төре көтерілісшілерді екі бөлікке бөліп, бірін Сайрамға, екіншісін Шымкент бекінісіне жіберген. Кескілескен қарсылық көрсеткен көтерілісшілерді қоқан әскерлері аяусыз басқан.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-өзбек қатынастарын терең зерттеген ғалымның: «Артта қалған, феодалдық соғыстардан және тақ үшін алауыздақтардан бөлшектенген

Қоқан және Хиуа қазақтардың шаруашылық, әлеуметтік құрылымын өзгерте алмады. XIX ғасырдың 30–40-жылдарындағы негізгі міндеті өзінің мемлекеттігін сақтап қалу үшін екі майданда, патшалық Ресейге және ортаазиялық хандықтарға қарсы күресу еді» деген тұжырымы салмақты әрі ғылым дамуы үшін маңызды екендігі даусыз [9, 181-б.].

С.Ибрагимовтың тұжырымынша, ортаазиялық көпестер қазақ қоныстарын сауда керуендері өтетін жолдарға айналдырды. Өздерінің тауарларын малға, жергілікті мал шаруашылығы өнімдеріне, қолөнер бұйымдарына айырбастап, оларды Ресейде сатты. Сібірде қазақтардың арасында сұранысқа ие тауарларды сатып алды [10, 44-б.]. Мәселен, 1782 жылы Орынборда ортаазиялық көпестер қазақтардан 30 мыңға жуық қой терісін, 10 мыңнан аса әртүрлі тері айырбастап алған. Сонымен бірге Ресейге қазақ даласынан жылқы, қой және үй қолөнер бұйымдары, аңшылық құралдары, мата, ою-өрнегі бар мата, қалың жиһаз қаптайтын мата, мыс, қаңылтыр, металлдан жасалған заттар жеткізілген [10, 45-б.].

Қазақ даласына Бұхардан, Хиуа мен Қоқаннан сауда керуендері жөнелтілген. Қазақтар жауап ретінде оларға да керуендер жіберіп отырған [10, 46-б.]. Осылайша XVIII ғасырдың соңында Орта Азиямен сауда байланыстарын 26 ру, 152 ру бөлімшелері, жалпы саны 217 000 отбасы жүргізген. Қазақтар Орта Азиядан жібек, жартылай жібек, мақта маталарын, дайын киім, әшекейлер, ат әбзелдерін, қылыш, қару, оқ-дәрі алған [10, 47-б.].

С.Зиманов кіші жүз қазақтарының оңтүстігінде Хиуа хандығымен сауда қарым-қатынастарында болғанын және Орынбор қаласының сауда қатынастарында үлкен орын алғанын жазады [19, 90-б.]. Автор С.К. Ибрагимов тәрізді қазақтар мен ортазиялық хандықтар арасындағы сауда көлемінің статистикасын мәлімет беретін ақпараттарды игермегенін айта келе, орыс зерттеушілері мен шенеуніктерінің жазбаларына сүйене келе, сауда қатынастарының қалыпты болғанын, бірақ қазақ-орыс сауда қатынастарының ауқымынан аздау болғанын, әсіресе XIX ғасырдың екінші ширегінен едәуір азайғаны туралы қорытынды жасады[19, 91-б.].

Ортазиялық хандықтардан шыққан саудагерлердің қазақ даласына көптеген шағын топтармен ішкерілей енетіндігін қазақтардың оңтүстіктегі көршілерімен ортазиялық хандықтармен саяси, экономикалық тығыздығын, тілі мен әдет-ғұрыптарының туыстығымен байланыстырды [19, 92-б.].

С. Зимановтың дәлелдеуінше, Бұхар мен Самарқанмен негізінен Сырдария қазақтары мен далалы аймақтың оңтүстік-шығыс бөлігінің көшпенділері байланыста болды. Ғалымның зерттеуінше, қазақ даласы арқылы бірнеше маңызды керуен жолдары өткен. Солар арқылы тауар Ресейден Қытайға, ортаазиялық хандықтарға және кері тасылған. Негізгі керуен жолдары мындай бағыттарда болған: 1) Қызылжардан (Петропавловск) Ташкен, Бұхар, Қоқанға; 2) Қызылжардан Құлжаға (Қытай); 3) Семейден Шөгішекке (Чугучак Қытай); 4) Семейден Қоқанға; 5) Орынбордан Бұхар, Хиуа, Қоқанға [19, 93-б.].

XIX ғасырдың екінші жартысының бас кезінде Сібір ведомствосы аумағында 500 аса Ташкент, Бұхара, Хиуадан шыққан адамдардың жергілікті жерлерде ұсақ саудамен айналысып, қазақ даласында тұрақты тұрғаны айта келе, Кіші жүзде де шамамен осы шамада болды деген уәж айтқан [19, 95-б.].

XIX ғасырда қазақ даласында ислам дінінің ықпалы едәуір арта түсті, бұл әсіресе Хиуа, Бұхара, Қоқан хандықтарының билігінде қалған қазақ даласының оңтүстігінде орын алды, ортазиялық діндәрлар қазақ ауылдарына ислам дінін таратушыларды жібере отырып, кейде дінді күшпен де таратты, дінді таратуының екі мақсатын көрсетті: қазақтарды ислам діні арқылы өз ықпалдарында ұстау, екіншіден, діни сенімнің туы астында қазақтарды орыстардың Орта Азияға енуіне қарсы қою, қажет болғанда ашық күреске шақыру [19, 221-б.].

Қазақ даласындағы қожалар мен молдалардың санының да көбеюін ортазиялық хандықтармен діни байланыстарына қатысты деген пікір айтады, қазақ даласына қожалар оңтүстіктен келген, олар Орта Азиядағы мұсылман дінбасыларының аристократиясының өкілдері және солардың ықпалымен қазақ діндарларының кейбірі өзіне қожа атауын иемденіп алған және өздерін Әулие атадан таратқан деп баға берді [19, 222-б.]. XIX ғасырға дейін қазақ даласында көп болмаған молдалардың көбеюінің бір себебін Хиуа және Қоқан билеушілерінің

халықтың діни сезім ояту арқылы Ресейге қарсы көңіл-күй орнату үшін әрекеттерінің нәтижесінен көрді [19, 224-б.].

Бөкей ордасында Жәңгір ханның тұсында ислам дінінің таралуының күшейе түскеніне тоқатала келе, ханның бірнеше адамды Астрахань, Қазан қалаларымен қатар, ортазиялық хандықтарға да діни білім алуға жібергені туралы мәліметті келтірді[19, 225-б.].

Еларалық байланыстардың тек саяси қырларына мән берген ғалым С.Мадуанов XIX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстанға Қоқан хандығының жорықтарын баяндаған. «Әлім хан қазақтардың қыстаудан көшпей бір орында отыратындарын біліп, әдейі Қазақстанға жорығын қыс айында бастаған. Бір жағы бұл қазақтар үшін қауіпті болса, екінші жағы қыстың қытымыр аязы қоқандық әскерді қинжағдайға душар етті. Сол себепті олар Қоқанға қайтуға мәжбүр болды. Алайда Әлім хан жорықты жалғастыруды талап етті. Хан бұйрығы қысты айларындағы жорықтан қалжырап, демалысты қалаған әскерге кері әсерін тигізді. Осы жағдайды сәтті пайдаланған Әлім ханның саяси қарсыластары оны өлтірді» дегені - осының айғағы [12, 69-б.].

С. Мадуанов тәуелсіздіктің алғашқы жылдары алғашқылардың бірі болып қазақ-қоқан қатынастарын зерделегенімен баяндауларында бұрынғы таптық бағыттың белгілері анық байқалды. «Жеке-жеке бөлінген Ұлы жүз тайпалары ұйымдасқан қоқан әскеріне төтеп бере алмады. Жағдайды қоқан феодалдарымен ымыраласып, жаулап алушылар жағына ашық түрде шыққан қазақ билеушілері шиеленістірді, басқыншылардан қорғаныс тауып, еңбекші бұқараны қанады. Қоқан және жергілікті қазақ феодалдары тарапынан екі жақты қанауға түскен халық езушілерге қарсы бірнеше рет көтерілістерге шықты» деген сипаттауы - осының дәлелі [12, 69-б]. Мұның өзі көрсетілген уақытта отандық тарихшылардың бірден таптаурын болған маркстік-лениндік методологиядан бас тарта алмағандарын дәлелдейді. Әлемдік тарихи зерттеу бағыттарынан қол үзіп қалған тарихшыларға тың зерттеу әдістерін, тұжырымдамалар мен теорияларды пайдалану қиынға соққаны түсінікті.

Тарихи хронологияны сақтай отырып, С. Мадуанов 1809-1821 жылдардағы Омар ханның Оңтүстік Қазақстан тұрғындарына қарсы бағытталған жаулап алу саясатын баяндаған. Омар ханның кезінде Қоқан хандығының билігі Сайрам, Шымкент аймағына ғана емес Әулиеатаға дейін тараған. Осы кезде Қоқан билігі Әділ сұлтанды Жетісудың билеушісі деп таныды. Қоқан феодалдары Шу, Ыстық көл мен Жетісудың көшпелі халықна көз тікті. Бұл өлкені азық-түлік ретінде мал өнімдерін және әскер үшін жылқы алатын жаңа нысан ретінде санады. Өз аумақтарында қоқан үстемдігінің орнауын қаламаған Солтүстік қырғыздар мен Жетісу қазақтарының ру-тайпа билеушілері Омар ханға қарсы күресте Ресейге арқа сүйеуге, көмек сұрауға ұмтылды. 1813 жылдың 21 қарашасында Солтүстік қырғыздардың елшілері Қачыбек пен Жақыпбек Сібір шекара линиясына барып, өздерін Ресей бодандығын қабылдау үшін астанаға жіберулерін өтінген. Алайда Ресей бұл үшін уақыттың пісіп-жетілмегендігін алға тартып, елшілерге тарту-таралғы беріп, шығарып салған.

Осындай жағдайда Орта жүздің ханы Абылай батыс-сібір әкімшілігіне хат жазып, өзінің ұлы Жошыны (Джочу) Ресей бодандығын қабылдауға көндіру үшін Ыстық көл қырғыздарына жіберуді ұсынған. Абылай өзі қарым-қатынас жасайтын қыдық, сарыбағыш, атақ, саяқ руларын атаған [12,70-б].

С. Мадуанов мәселені қазақтардың Ресей империясымен байланыстары ауқымында қарастырған. Мәселен, «қоқандықтардың қазақ жерлеріне қауіп төндіре бастаған тұста Ресейден көмек сұрағынын көрсеткен. Көршілердің басқыншылығынан: манаптар мен қоқандықтардан қорғану үшін сұлтан Сүйік Абылайханов 1818 жылы өзінің 55 мың руластарының атынан Ресей бодандығын қабылдады. 1823 жылы Ресей бодандығын Ұлы жүздің өзге де сұлтандары Әділевтер қабылдады» деген тұжырымын келтіруге болады [12, 70-б.].

«Осы уақытта Омар хан Түркістанды, Сырдарияның орта ағысы жерлерін жаулап алып, шекарада бірнеше бекіністер салып, оларға қоқан сарбаздарын орналастырды» дей келе, С. Мадуанов мынадай тұжырым жасады: «XIX ғасырдың 20-жылдарына қарай баытысында Арал теңізі, шығысында Іле, Шу өзендері бассейіндері орналасқан орасан зор аумақты қоқан хандығы басып алды. Өзінің аумағын қазақ жерлері арқылы кеңейткен Қоқан хандығы

айтарлықтай үстемдікке ие болды» [12, 71-б]. Тұжырымын «Архив құжаттары дәйектейтіндей, XIX ғасырдың 20-жылдарына қарай Қоқан хандығының қол астында 150 мыңдай қазақ отбасылары болды», - деп бекітті [12, 71-б]. Тарихшы осы тұста қоқан хандарының Қазақстанның Оңтүстігіндегі жаулап алу саясатының тек аумағын кеңейтуді көздеумен ғана шектелмегендігін, сонымен бірге сауда мүддесінің болғандығын бас көрсетті. Қазақ даласы арқылы Ресейден Ташкент, Қоқан, Әндіжан және хандықтың өзге қалаларына керуен жолдары өткен.

Тарихшының Омар ханның уәзірі Сейітқұл бекті Қазақстанның оңтүстігіне салық жинауға аттандыруын, оның шектен шыққан қатыгездігі мен озбырлығын, Түркістан, Сайрам, Шымкент, Әулиеата тұрғындарының көтеріліске шығуларын баяндауы кеңестік кезеңдегі зерттеушілерден айырмашылығы, ол оқиғаларды қысқаша сипаттады. Бұдан кейін Мәделі ханның жаулап алған аумағына әскер жіберіп, алым-салық жинағанына тоқталған. Қоқан жаулап алуына ішкі ахуалдың игі ықпал еткендігін айта келе, С. Мадуанов «Осы кезде қырғыз және қазақ рулары билеушілері арасында тайпааралық тартыстар, феодалдық қырқысулар күшейді, осының хан қолбасшылары пайдаланды», - деп жазды [12, 73-б.]. Осыдан соң Саржан, Кенесары Қасымұлдарының Қоқан хандығымен қарым-қатынастарына байланысты оқиғаларды сипаттаған. Мұндай баяндауларда өзгелерге ұқсамайтын пайымдаулар, тұжырымдар байқалмайды.

Осы жерде баса айтатын бір жайт, тәуелсіздік кезеңіндегі тарихшылар кеңестік зерттеушілер тәрізді көбінесе қазақ-қоқан қатынастарының саяси қырларын ғана көрсетеді. Әлеуметтік, мәдени байланыстар, қарапайым тұрғындардың өзара қатынастары назардан тыс қалған. Дегенмен С. Мадуанов осы мәселеге қысқаша тоқталған. «Көрсетілген кезеңде қоқан билеушілерінің қантөгіс феодалдық соғыстарына, феодалдық тектілердің қазақ және өзбек еңбекші бұқарасының арасында ұлтаралық қақтығыстарды өршітуіне қарамастан шаруашылық және мәдени байланыстары беки түсті. қоқандықтар салған көптеген қала-бекіністерде ферғана егіншілерінен, саудагерлері мен қолөнершілерінен отаршылдар (колонисты) қоныстанды. Олар жүзім, алма, өрік, алмұрт ағаштарын отырғызып, бақтар, дәнді дақылдар өсіріп, оларды көшпелі қазақтарға сатты. Өзбек диқандары мен қолөнершілері осындай еңбек түрлеріне тартылған қазақ тұрғындарына жағымды әсер етті [12, 86-б.]. Дегенмен тарихшы мұндай мәселелерден гөрі қоқан билеушілерінің қазақ халқын бағынышта ұстауға бағытталған әрекеттерін көрсетуге басымдылық берген. Мысалы, көшпелі халықты өздеріне бағынышты ету үшін кейбір қоқан уәзірлері ірі бекіністерде ықпалды қазақ феодалдарының ұлдарынан немесе жақын туыстарынан «аманат» ұстап отырған. Сонымен бірге белгілі бір ру бірлестігінде қоқандықтар «елбек» дегендерді ұстаған. Олар билердің сот істеріне араласып, қазақ тұрғындарының сенімділігін бақылап отырған [12, 87-б.].

Тарихшы Ташкенттің Қоқан хандығына өтуінің салдарын да басқаша түсіндіреді. Оның пікірінше, Ташкенттің алынуы Оңтүстік Қазақстанның Қоқан хандығының езгісіне түсуіне түрткі болды. Түркістан билеушілері Бұхараға арқа сүйеді, сайрамдықтар Қоқаннан үміт күтті. Оңтүстік Қазақстанды мекендеген қазақ тайпалары қоқандық феодалдарға төтеп бере алмады. Қоқан хандығы өзіне Ташкентті бағындыра отырып, өздерінің келесі Дешті Қыпшақта операцияларын дамыту үшін қажетті стратегиялық базасын нығайтты [1, 41-б.].

Қоқандықтар мен қазақтар арасындағы дәстүрлі қарым-қатынастарға саяси факторлардың ықпал еткендігін қарастырумен қатар Ө. Қожақұлы екі елдің тығыз шаруашылық байланыстарда өмір сүргендігін көрсетті. «Қазақ малшылары өзбек отырықшы көршілері үшін ет-сүт өнімдері мен мал шикізаттарының негізгі өндірушілері бола отырып, өз кезегінде олар өзбек халқының егін өнімдерін тұтынушылар болды. Тауар алмасу олардың қажеттілігін қанағаттандырып отырды. Қолөнер шаруашылығында да тұрмысқа қажетті заттар алмасуы үнемі болып отырды» [13, 42-б.]. Мұндай тұжырым С. Мадуанов зерттеуіндегі тұжырымды толықтырады. Алайда тарихшының «Қоқан хандығы қазақтарды өздеріне қосып алып, қазақ өндіргіш күштерінің дамуын тежеп, тоқтатып тастады» деген тұжырымымен келісу қиын [13, 42-б.]. Қоқан езгісіне түскен аймақ шаруашылығы тоқырауға түспеді, тұрғындардың әлеуметтік жағдайы нашарлады. Бұны автордың өзі де жоққа шығармайды. «Қазақ жерлерін сату және тәркілеу, әкімшілік тәртіппен көшіп-қонудың ежелден қалыптасқан жолдарын бұзу, шексіз

салық пен тікелей тонау арқылы Қоқан хандығы қазақ қоғамының шаруашылық өміріне кері әсерін тигізді» дегені - осының дәлелі [13, 42-б.].

Ө. Қожақұлы жоғарыда айтқан жылнамаларға сүйене отырып, Әлім ханның жорықтарын, олардың зардаптарын және халық наразылықтарын сипаттады. 1809 жылы Әлім ханның, балаларының және көмекшілерінің өлім жазасына кесілгендігін баяндады [13, 130-б.]. Бұдан кейін Омар ханның Қоқан хандығының шекарасын едәуір кеңейткендігін тарихи деректер бойынша көрсетті. «XIX ғасырдың 20-жылдары Қоқан хандығы өте үлкен территорияны – батыста Арал теңізі, шығыста Іле, Шу өзендері аралығында Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің жерлеріне ие болды. Архив материалдарының мәліметінше, XIX ғасырдың 20-жылдарында Қоқан хандығының қарамағына 150 мың отбасы кірді», - деп баяндағаны С. Мадуановтың монографиясында орыс тілінде жазыған сөйлемдерден еш айырмашылығы жоқ [13, 131-б.]. Тек дерек қазақ тілінде келтірілген. С. Мадуанов бұл деректі Өзбекстан Ұлттық архиві 336-қорынан алғандығын көрсеткен. Ө. Қожақов та архив дерегіне сүйенеді. Сол себепті сөйлемдер сөзбе сөз қайталанған, баяндаулары да бірдей.

Тарихшының қоқандықтарға төлеген салықтары, міндеткерліктері туралы келтірген мәліметтері кеңестік кезеңдегі зерттеушілермен үндеседі. Дегенмен автор «Қазақ тарихы» журналында жарияланған мақаласында XIX ғасырдың 20-50-жылдарында қазақтардың, өзбектер мен қырғыздардың Қоқан салық жинаушыларына салықтың 20 түрін төлегендері туралы жазған [20, 24-б.]. Қоқан феодалдары қазақтармен қарым-қатынаста жабайы тонаушылық саясат ұстанды.

Түркістан, Шымкент, Сайрам, Әулиета қазақтарының қоқан билеушілеріне қарсы қазақ халқының азаттық күресін, соның ішінде Тентек төре, Саржан Қасымұлы бастаған көтерілістерді сипаттады. Осы мәселе бойынша жариялаған мақаласында Омар хан басқаруының соңғы жылдарында тұтанған көтерілістің ерекше сипат алғандығына назар аудартты [21]. Көтеріліс басталғанда «қазақ руларының көсемдері араларынан бастық етіп Сұлтан- Тентек төрені сайлап алған. Алайда қоқандықтар Сайрамды қоршауға алған кезде қазақ феодалдары сатқындық жасап, Қоқан ханымен келісім жасаған [21, 14-б]. Қоқан езгісіне қарсы көтерілістерге қатысты баяндалған оқиғалар автордың монографиясы мен 2006 жылы «Отан тарихы» журналының 4-ші санында жариялаған мақаласында қайталанады [22].

Тарихшының Қоқан хандығының басып алған жерлерде бекіністер салуын баяндауында жаңа тарихи таным байқалмайды. Дегенмен Қоқанның қазақ жерін талауда ел ішінен шыққан байларын, бектерін, молдаларын пайдаланғандығын Жанкісі жыраудың арыз айтуы арқылы көрсетеді [13, 224-б]. Ө. Қожақұлы Қоқанның отарлау саясатына Сыр қазақтарының күреспен жауап беріп, отаршылдар мен жергілікті тұрғындардың арасында жиі-жиі қантөгістер болып тұрғандығы жөнінде тұжырым жасайды [13, 234-б].

Ө. Қожақұлының Қоқан хандығының жаулап алуының зардаптары бойынша сипаттамалары мен тұжырымдарына ұқсас ой қорытындылары Г. Бәкібаеваның мақаласынан ары алды [23]. Дегенмен зерттеушінің тың мәліметтер келтірген тұстары да бар. Мысалы, Қоқанның «феодалдық топтары өздерінің үстемдігін қамтамасыз ету және тұрғын халықты бағынышты етіп ұстау арқылы есепсіз байлыққа кенелді. Мәселен, кейбір мәліметтерге қарағанда (келтірген мәліметі «Обозрение Кокандского ханства в нынешнем его состоянии». Записки РГО.1849. 215-б.) хандықтың жылдық түсімі 30 млн. рубльге жуық болған» деген тұжырымы назар аударалықтай [23, 25-б.]. Автор ресми түрде заңдастырылған негізгі алымдарға қоса өрескелдікпен алынатын салықтар туралы жазды. «Хан алымдары» деп аталған салықтар қалалар мен елді мекендер тұрғындарынан ауық-ауық талап етіліп отырған. Мәселен, Түркістан аймағындағы тұрғындар бір хан алымының есебіне 35 мың қойға дейін төлеген. Мұнымен қоймай ағаш кесуге, шөпшек жинауға құқықты болу үшін де салық төлген. Оның үстіне мешіт салығы, кәпірлерге қарсы салық – «ғазауат» деген болған. Ол ол ма, Қоқанның соңғы ханы Құдияр тікеннің ұрығы піскенге дейін оны отынға жинауға тиым салған арнаулы заң да шығарған» деген мәліметі XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы қазақ-қоқан қатынастарын жаңа тарихи таным тұрғысында зерттеуге мұрындық болады [23, 26-б.].

Құдияр ханның озбырлығынан өзге жергілікті қазақ билеушілерімен тығыз қарым-қатынас жасағаны, тіпті мемлекетаралық салт-дәстүрлерді ұстанғаны, солардың нәтижесінде өз билігін күшейткені белгілі. Сондай тарихи фактілер Д.П. Қожамжарованың мақаласынан көрініс тапты [24]. Автордың «Тіпті қазақтар Құдияр ханды орыстар Орынборға келіссөзге шақыртып алып, қамауға алған кезде де, қауіп-қатерге қарамастан оны Кіші жүздегі шекті руының биі, әрі батыры Әзберген Мұңайтпасұлы үлкен қатерге өмірін тіге отырып, тұтқыннан алып қашқан. Сол үшін Құдияр хан қарындасы Кенжені Әзбергенге қосқан. Дулаттың Ботбай руынан тарайтын Тойшыбек батыр да Құдияр ханның ұлдарының біріне қызы Данагүлді ұзатқан» - деп жазғаны осының дәлелі. Келтірілген фактілерді Д.П. Қожамжарова Қоқан ханның ордасында қызмет еткен қырғыздан шыққан тарихшы Магзуни (Зиябедин Максым) Құдияр ханның айтуы бойынша жазған «Ферғана хандарының тарихында» Қыпшақ Мұсылманқұлдың қазақ төрелерімен құда-жекжаттық туыстық қатынастар орнатуды жақтағанын баяндауымен бекітеді [24, 11-б.]. Мұның өзі қазақтар мен ортаазиялық хандықтар арасында саяси, экономикалық қатынастармен қатар туыстық байланыстардың орын алғандығын дәйектейді. Әрине, қарапайым тұрғындар арасында құда болу, қыз алысып, қыз беру қарапайым, қалыпты жағдай ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқандығы мәлім. Бұл сөз билеушілердің, елдің билері мен батырларының ресми туыстық қатынастары туралы болып отыр.

Тарихшы-ғалымдар А.Ш. Махаева мен З.Т. Садвокасова «Қоқан хандығындағы датқа лауазымына ие болған қазақ азаматтары көп мәліметтерді де XIX ғасырда өмір сүрген күнгейлік ақындар мұраларынан алуға болады» деген ой танытты [14, 13-б.]. Отандық тарихнамада датқа лауазымын алғандар туралы зерттеулер сирек. Соларда датқалардың түрлі сый-сияпатқа, атақ-даңққа бөленгендері жөнінде айтылады. Сондайлардың бірі - 1838 жылы Мәделі ханның Әжібек биге датқа атағын беру туралы грамотасы.

Қазақ-қоқан қатынастары «Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін бес томдық академиялық басылымның үшінші томы «XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың алғашқы үштен біріндегі Оңтүстік Қазақстан»» атты тарауында Қоқан хандығы билеушілерінің қазақ даласын жаулап алуға итермелеген себептерді ашудан басталатын тараушада «Әлім бек пен оның төңірегіндегілерді қазынаны жаңа олжа көздерімен толықтыруға ұмтылыс жаулап алу жорықтарына итермеледі», - деп жазылды [15, 283-б.]. Ташкенттен кейін Түркістанның алынуы Қоқанның дала өңіріндегі жағдайын күшейтті. Қоқандықтардың Түркістанды алу кезін анықтау жөніндегі мәліметтер әр түрлі. 1813-14 жылдары Қоқанда болып қайтқан Филипп Назаровтың айтуынша, бұл 1814 жылы; барон Е.К. Мейендорфтың пайымдауы бойынша 1815 жылы болған. Бірақ қоқан шежірешісі басқа уақытты келтіреді, ол: 9 джумади 1231(1816 жылғы 7сәуір) [15, 286-б.].

Қазақ жеріндегі қоқандықтардың үстемдігін арттырған оқиға Абылай ханның ұлы Әділ төремен байланыстырылады. Оқиға былайша баяндалады: «Қоқанның дала өңіріндегі жағдайын тағы бір оқиға күшейтіп жіберді. Абылай ханның баласы Әділ төре қытай иеліктерінен өзінің сан мыңдық қосынымен туған жеріне қайтып келіп, Ташкент төңірегінде орналасқан Омар ханға 1814 жылы баласы Нұралы төреден сәлем айтып жіберді, онда «дінсіздерден» қайтып келгенін хабарлады және өзінің қалған күндерін ислам иеліктерінде өткізуге үміттеніп, Омар ханға бағынатынын білдірді»[15, 285-б]. Бұл баяндау кекеңстік және тәуелсіздік жылдары жарияланған зерттеулерде «Қоқан хандары қазақтың тектілері мен жергілікті билеушілерін жаулап алу саясатын жүзеге асыруда пайдаланд» деген тұжырымдарын бекіте түседі.

Академиялық басылымда Оңтүстік Қазақстанда қоқандықтар үстемдік еткен дәуір шартты түрде екі кезеңге бөліп көрсетіледі. Біріншісі жаулап алудың басталуынан (1810) 1840 жылдардың басына дейінгі уақытты қамтиды және Қоқан хандығының гүлдену дәуіріне тұстас келеді. 1841-42 жылдарда оның терең әлеуметтік-саяси дағдарыс (осы бір тоқырап қалған мемлекеттің 1876 жылы құлауына әкеп соққан) кезеңіне аяқ басуымен Қазақстанның оңтүстігі үшін сынақтар мен сілкіністердің жаңа кезеңі басталып, ол 1865 жылы Ташкентті орыс әскерлерінің алуымен және бүкіл осы аймақтың Ресей империясының билігіне көшуімен аяқталды [15, 287-б.]. Бұдан кейін әрбір кезеңге сипаттама берілді. Бірінші кезең Қоқанның

Қазақстан мен көршілес Қырғызстанда аумақтарды басып алуының етек алуымен, жаулап алынған жерлерде әкімшілік бақылау орнатуымен сипатталады.

«Қаңлы» ұжымдық еңбегінде қазақтардың Ташкент қаласын өздеріне бағындыруының себептерін авторлар: «Жалпы сол кезеңде Ташкент және оның айналасындағы отырықшы тұрғындар қазақтардан, соның ішінде көшпелі қазақтардан тәуелсіз болуға тырысты. Осындай жағдайды Жүнісқожа өзі үшін өте тиімді пайдаланды. Оны өзінің мүридтерімен қатар қала тұрғындары және қазақ ру-тайпалары ішінен қаңлылар мен шанышқылар қолдады», - деп көрсетті [16, 439-б.]. Қаңлылардың Жүнісқожаға қолдау білдіру себебін «Қазақстан тарихы» академиялық баспасын дайындаған зерттеушілердің пікірінше Абылай хан Ташкент маңын қазақ ру-тайпалары арасында бөлген тұста қаңлыларға ең қолайсыз және сусыз жерлер берілген. Оның себебін қаңлылардың Абылайхан жорықтарына қолдау білдірмегенімен түсіндіреді. Егер бұл мәселе шынымен де осылай болатын болса, қаңлылардың Жүнісқожаға қолдау білдірулері түсінікті жайт. Өйткені осындай іс әрекет арқылы кезінде өздері қағылып қалған үлестерін қайтармақшы болған тәрізді», - деп түсіндіреді [16, 439-б.]. Нәтижесінде «Осылайша қазақтың жоғарыда аталған руларына және қала тұрғындары мен мүридтеріне сүйенген Жүнісқожа Ходженттің билеушісі Ханқожаның көмегі арқылы шамамен 1792 (1794) жылдары Ташкенттегі билікті қолын алады» деген тұжырым жасады. Оң-солын түгендегеннен кейін Жүнісқожа Ташкентке жақын аудандардағы қазақ ру-тайпаларын бағындыру үшін жорық ұйымдастырды. А. Левшин, Н. Павлов тәрізді зерттеушілердің еңбектеріндегі мәліметтер бойынша Жүнісқожа 1798 ж. Сарысудан Ташкент пен Шуға дейінгі аралықта қоныстанған қазақтарға жорық жасап, олардың бір бөлігін өзіне бағынышты еткен. Ал 1799 жылы ол Түркістан өңірін қарамағына қосады. Осылайша, Жүнісқожаның иеліктері оңтүстігінде Құрама тауларына, шығысында Бискан тауларына, батысында - Сырдарияға және солтүстігінде - Шымкентке дейін жеткен» деген сипаттамалары арқылы орын алған тарихи оқиғаларды нақты көрсетіп берді [16, 440-б.]. Жүнісқожаның озбырлығын Поспелов пен Бурнашовтың 1800 жылы Ташкентке сапары барысында дайындалған жазбалары бойынша былайша баяндады: «Жүнісқожа өзіне қарсылық білдірген немесе бағынбаған қазақ ру-тайпаларына қатысты өте қатыгездік танытты. Мәселен ол тұтқынға түскен қазақ болса, бірден басын алғызып отырған. Және де халықтың арасында үрей тудыру үшін адамның бастарын бір жерге үйгізетін болған. Осындай жауыздық іс-әрекеттер арқылы Жүнісқожа қазақтарды толықтай бағындыруды көздеген[16, 440-б.].

Ұжымдық зерттеуде бес томдық Қазақстан тарихының үшінші томында айтылатын пікірлермен үндес пайымдаулар бар. Мысалы, авторлар Жүнісқожаның салық жинаумен қатар өзіне бағынған қазақтардың ішіндегі беделді адамдардың балаларын «аманат» ретінде алған. Өйткені қазақ ру-тайпалары қайткен күнде де қарсылық білдірер еді» десе [16, 441-б], академиялық басылымда П.П. Ивановтың сипаттамасы келтірілген. Онда «Ташкентке ең жақын қазақ аудандарын жаулап алуды аяқтап және Ұлы ордада хан атағын жойып, Жүнісқожа, сірә, қазақ тайпаларыныі ішкі өміріне одан әрі араласпаған болса керек, оларды басқаруды билерге беріп, зекет жинаумен шектелді. Дала өңіріне өз ықпалын күшейу үшін Жүнісқожа қазақтардың ең ықпалды адамдарын өзіне кепіл ретінде ұстады», - деп жазылған [16, 280-б]. Қазақтың ықпалды адамдарынан аманатқа балаларын немесе жақын туысқандарын алу туралы С. Мадуанов та, Ө. Қожақов та жазған. Барлық зерттеулерде де айтылған ой ұқсас, тіпті бірдей десе де болады. Алайда, ең бастысы мұндай мәліметті тұңғыш рет П.П. Иванов келтірген.

Ұжымдық еңбектің авторлары өз ойларын «Соған қарамастан Жүнісқожаға бағынғысы келмеген қазақ руларының бірбөлігі Ертіске қарай, тағы бір бөлігі Ақтау тауларына, қалғандары басқа аудандарға қоныс аударған», - деп бекітті [16, 441-б].

Қазақ-қоқан қатынастарын зерттеген революцияға дейінгі, кеңестік кезеңдерде қарастырған зерттеушілер тәрізді ұжымдық еңбектің авторлары да XIX ғасырдың 20-жылдары батысында Арал теңізіне дейінгі, шығысында Іле мен Шу өзендеріне дейінгі аумақты Қоқан хандығының жаулап алғандығын жазды. Дегенмен тұжырымдары өзгеше. «Қоқандықтар біршама жерді жаулап алғанымен, ол жердегі тұрғылықты қазақ ру-тайпаларына Қоқан билігін мойындату оңайға түскен жоқ. Себебі, көшпелілікке бейім және елінің амандығын ойлайтын

қазақ руларының басшылары қоқандықтар келген тұста басқа жаққа көшіп кетіп отырған» дегендері осыған дәлел [16, 447-б]. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде бекіністердің салынуын да бағынышты болудан бас тартқан қазақтарға өздерін мойындатуға ұмтылған қоқандықтардың әрекеті түрінде түсіндіреді. Бұны «Міне, сондықтан да қазақ ру-тайпаларының өздерінің көз алдарында ұстап, салықтарды уақытында жинау үшін қоқандықтар қазақ жерінде бекіністер тұрғыза бастайды» деген тұжырыммен бекітеді [16, 447-б]. Бекіністердің осындай мақсатта салынуын баяндау тәуелсіздік жылдарында жарық көрген іргелі еңбектердің бәріне тән.

Қаңлылар қоқандықтармен мәмлеге келе алды деген ойларын бес томдық Қазақстан тарихының үшінші томында берілген мәліметтермен дәлелдейді. Ұжымдық зерттеудің нысаны қаңлылардың өткені болғандықтан қоқан хандығы кезіндегі тайпаның жағдайын баса көрсетеді. «... Ташкент пен оның іргесінде қоныстанған қаңлы және шанышқылы тайпалары Ташкент хакімінің тірегі болып, қолайлы жағдайларды пайдаланған. Олар әскерде және әкімшілік орындарында қызмет жасап, Қоқанға бағынған басқа қазақ ру-тайпаларынан ерекшелігі әртүрлі салықтардан босатылған [16, 449-б.].

Қорытынды

XVIII ғасыр–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның ортазиялық елдермен қарым-қатынастары мәселесінің 1920–1950-жылдары зерттелуін талдай келе мынадай қорытынды жасауға болады. Біріншіден, көрсетілген кезеңде проблема арнайы зерттелмеген. Тарихшы-ғалымдар мәселеге Орта Азия хандықтарының тарихын зерделеу аясында тоқталған. Екіншіден, ғылыми зерттеулерде көбінесе XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтар мен ортаазиялықтар арасындағы қатынастар зерттелген. Үшіншіден, мәселе маркстік-лениндік методология, таптық бағыт шеңберінде зерделенген. Зерттеушілердің 1920–1950-жылдарыдағы кеңестік идеология құрсауында қалғандары да байқалады, өйткені патшалық Ресейдің саясаты «аға ұлттың» мүддесінде жағымды жағынан көрсетілген. Осы айтылғандардың барлығы қазақтармен ортаазиялық хандықтардың қарым-қатынастары тарихын әлі болса тың деректер бойынша зерттеудің қажеттілігін дәлелдейді.

Сонымен қазақтардың Қоқан хандығының өзара байланыстарын посткеңестік кезеңде зерттелу деңгейін анықтадық. XIX ғасырдың бас кезінде орын алған тарихи оқиғалар екі ел арасындағы өзара қарым-қатынастар сыңаржақ сипатта болған деген тұжырым жасауға итермелейді. Себебі тарихшылардың еңбектерінде тек Қоқан хандығының тарихын, оның жаулап алу жорықтары және солардың қазақ халқы үшін зардаптарын баяндауға басымдылық берілді. Сондай-ақ басқыншылыққа қазақ халқының қарсы азаттық күресі де көрініс тапты. Шын мәніндегі екі мемлекет тұрғындарының өзара шаруашылық, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастары ашылмады десе болады. Қадап айтар жайт, қазақ-қоқан қатынастары арнайы зерттеу нысанына айналғанымен, іргелі зерттеу, ғылыми мақалалар жарияланғанымен мәселенің әлі де болса зерделенбеген тұстары бар екендігі байқалады. Олар негізінен мыналар болып табылады:

- XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтар мен Қоқан хандығы арасындағы шаруашылық байланыстары және олардың өзге мемлекеттермен саалыстырғандағы айырмашылықтары;
- сауда байланыстарының дамуы және оның тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне игі ықпалы;
- көршілес елдер арасындағы рухани қатынастар және халықтардың салт-дәтүрі, діни ұстанымдарының өзара әсері;
- мәдени қарым-қатынастардың көрші ел тұрғындарының білім-ғылымының өркендеуіне әсері;
- Оңтүстік Қазақстан ру-тайпалары мен қоқандықтар арасындағы қарым-қатынастардың нығаюына үлес қосқан тарихи тұлғалар.

Қазақтар мен қоқандықтардың өзара қарым-қатынастарын кешенді әрі тың деректер, жаңа тарихи таным тұрғысында зерделеудің қажеттілігі анық байқалады. Себебі санаулы ғана іргелі еңбектерде мәселені жаңаша қарастыру байқалмайды. Заманауи зерттеу бағыттары, теориялар

мен тұжырымдамалар турасында, проблеманы солардың аясында қарастыру үрдісі орын алмаған. Керісінше оқиғалар мен үдерістер кеңестік кезеңдегі баяндаулардан айырмашылықтары көп емес. Сондықтан да мәселені заманауи теориялар мен тұжырымдамалар ауқымында зерттеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мадуанов С. История казахско-узбекских отношений в XIX-начале XX вв. Туркестан, 1992. 180 с.

2.Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч. 1. Оренбург: Киргиз. гос. изд-во, 1924. 192 с.

3.Рыскулов Т. Собрание сочинений в трех томах. Т.2. Алматы: Қазақстан, 1997. 384 с.

4.Асфендияров С. Санжар Асфендиаров. Шығармалары. Төрт томдық шығармалар жинағы. 4-т. Алматы: «Ел-шежіре», 2014.

5.Иванов П.П. Казахи и Кокандское ханство (к истории их взаимоотношений в начале XIX в.) //Записки института востоковедения академии наук СССР. Т VII. М., 1939. 92-128. С.92-96.

6.Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XVI- середина XIX в). М, Изд-во восточной литературы, 1958. 247 с.

7.Вяткин М. Казахское общество в середине XIX в.//Известия казахстанского филиала Академии Наук СССР. Серия историческая. 1940. Вып.1. С.3-18.

8.Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. Т.1. С древнейших времен до 1870 г. М., ОГИЗ. Политиздат, 1941. 367 с.

9.Бекмаханов Е.Б. Казахстан 20-40 годы XIX века. -Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1997. 400с.

10.Ибрагимов С.К. Из истории внешнеторговых связей казахов в XVIII в//Ученые записки института востоковедения. Т.19. М., Изд-во АН СССР, 1958. С.39-54.

11.Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII-XIX веках. Алма-Ата, Казгосизд-во, 1959. 448 с.

12. Мадуанов С. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами центральной Азии в XVIII-начале XIX в. (политические и социально-экономические аспекты). Алматы: Изд-во «Білім» РК, 1995. 274 с

13.Қожақұлы Ө. Қазақ-қоқан қарым-қатынастары (XVIII-XIX ғғ). Қызылорда, «Тұмар», 2006. 320 б.

14.Махаева А.Ш., Садвокасова З.Т. Қазақ-қоқан қарым-қатынастарын зерттеуде қазақ ақын-жыраулары мұраларының деректік маңызы//ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2002. №3(26). 12-14-б.

15.Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3 т. Алматы: «Атамұра», 2002. 768 б.

16.Қазақ ру -тайпаларының тарихы. XII т. Қаңлы. Алматы: «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығы, 2008. 732 б.

17.Рыскулов Т. О восстании казаков и каракиргизов в 1916 года. Кустанай, Тип.им. Ленина, 1926. 16 с.

18.Асфендияров С. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. Алма-Ата-М., Казахстанское краевое изд-во, 1936. 150 с.

19.Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. Алма-Ата, Изд-во АН КазССР, 1958. 296 с.

20.Қожақұлы Ө. Қазақ-қоқан қарым-қатынастары//Қазақ тарихы. 2002.№1. 24-25б.

21.Қожақұлы Ө. Оңтүстік Қазақстандағы Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріліс//Ақиқат. 2015. №2. 14-21-б.

22.Қожақұлы Ө. Оңтүстік Қазақстандағы Қоқан ергісіне қарсы көтеріліс//Отан тарихы. 2006. №4. 35-37-б.

23.Бәкібаева Г. Қоқан хандығы және Оңтүстік қазақтары// Қазақ тарихы. 2000. №5. 24-27б.

24.Қожамжарова Д.П. Қоқан хандығы және қазақтар//Отан тарихы. 2016. №1. 5-14-б.

References:

1.Maduanov S. Istorija kazahsko-uzbekskih otnoshenij v XIX -nachale XX vv. [History of Kazakh-Uzbek Relations in the 19th – Early 20th Centuries]. Turkestan, 1992. 180 p. (in Russian).

2.Chuloshnikov A.P. Ocherki po istorii Kazak-Kirgizskogo naroda v svjazi s obshhimi istoricheskimi sud'bami drugih tjurkskih plemen. [Essays on the History of the Kazakh-Kyrgyz People in Connection with the General Historical Destiny of Other Turkic Tribes]. Part 1. Orenburg: Kirgizskoe Gosudarstvennoe Izdatel'stvo, 1924. 192 p. (in Russian).

3.Ryskulov T. Sobranie sochinenij v treh tomah. [Collected Works in Three Volumes]. Vol. 2. Almaty: Qazaqstan, 1997. 384 p. (in Russian).

4.Asfendijarov S. Sanzhar Asfendiarov. Shygarmalary. Tort tomdyq shgғarmalar zhinagy. [Sanzhar Asfendiyarov. Collected Works in Four Volumes]. Vol. 4. Almaty: El-shezhire, 2014. (in Kazakh).

5.Ivanov P.P. Kazahi i Kokandskoe hanstvo (k istorii ih vzaimootnoshenij v nachale XIX v.) [The Kazakhs and the Kokand Khanate: On the History of Their Relations in the Early 19th Century]. //Zapiski Instituta Vostokovedenija Akademii Nauk SSSR, vol.7. Moscow,1939, pp. 92–128. (in Russian).

6.Ivanov P.P. Ocherki po istorii Srednej Azii (XVI- seredina XIX v). [Essays on the History of Central Asia (16th – Mid-19th Century)]. Moscow: Izdatel'stvo Vostochnoj Literatury, 1958. 247 p. (in Russian).

7.Vjatkin M. Kazahskoe obshhestvo v seredine XIX v./ [Kazakh Society in the Mid-19th Century]./Izvestija Kazahstanskogo Filiala Akademii Nauk SSSR. Serija Istoricheskaja, no. 1, 1940, pp. 3–18. (in Russian).

8.Vjatkin M. Ocherki po istorii Kazahskoj SSR. T.1. S drevnejshih vremen do 1870 g. [Essays on the History of the Kazakh SSR]. Vol. 1: From Ancient Times to 1870. Moscow: OGIZ Politizdat, 1941. 367 p. (in Russian).

9.Bekmahanov E.B. Kazahstan 20-40 gody XIX veka. [Kazakhstan in the 1820s–1840s]. Almaty: Qazaq Universiteti, 1997. 400 p. (in Russian).

10.Ibragimov S.K. Iz istorii vneshnetorgovyh svjazej kazahov v XVIII v[From the History of the Foreign Trade Relations of the Kazakhs in the 18th Century]. //Uchenye Zapiski Instituta Vostokovedenija, vol. 19. Moscow: AN SSSR, 1958, pp. 39–54. (in Russian).

11.Tolybekov S.E. Obshhestvenno-jekonomicheskij stroj kazahov v XVII-XIX vekah. [Socio-Economic Structure of the Kazakhs in the 17th–19th Centuries]. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1959. 448 p. (in Russian).

12. Maduanov S. Vzaimootnoshenija kazahov s drugimi sosednimi narodami central'noj Azii v XVIII-nachale XIX v. (politicheskie i social'no-jekonomicheskie aspekty). [Relations of the Kazakhs with Other Neighboring Peoples of Central Asia in the 18th – Early 19th Centuries: Political and Socio-Economic Aspects]. - Almaty: Bilim, 1995. 274 p. (in Russian).

13.Qozhaquly O. Qazaq-qoqan qarym-qatynastary (XVIII-XIX gg). [Kazakh-Kokand Relations (18th–19th Centuries)]. - Qyzylorda: Tumar, 2006. 320 p. (in Kazakh).

14.Mahaeva A.Sh., Sadvokasova Z.T. Qazaq-qoqan qarym-qatynastaryn zertteude qazaq aqyn-zhyraulary muralarynyn derektik manyzy" [The Source Significance of Kazakh Poets and Zhyrau Heritage in the Study of Kazakh-Kokand Relations]// QazUU Habarshysy. Tarih Serijasy, no. 3 (26), 2002, pp. 12–14. (in Kazakh).

15.Qazaqstan tarihy. Kone zamannan bүginge dejin. Bes tomdyq. 3 t. [History of Kazakhstan from Ancient Times to the Present]. Vol. 3. Almaty: Atamura, 2002. 768 p. (in Kazakh).

16.Qazaq ru -tajpalarynyn tarihy. XII t. Qanly. [History of Kazakh Tribes: Kangly]. Vol. 12. Almaty: Alash Gylymi-Zertteu Ortalygy, 2008. 732 p. (in Kazakh).

17.Ryskulov T. O vosstanii kazakov i karakirgizov v 1916 goda. [On the Uprising of the Kazakhs and Kara-Kyrgyz in 1916]. Kustanai: Tipografija imeni Lenina, 1926. 16 p. (in Russian).

18.Asfendijarov S. Nacional'no-osvoboditel'noe vosstanie 1916 goda v Kazahstane. [The National Liberation Uprising of 1916 in Kazakhstan]. Alma-Ata–Moscow: Kazahstanskoe Kraevoe Izdatel'stvo, 1936. 150 p. (in Russian).

19.Zimanov S.Z. Obshhestvennyj stroj kazahov pervoj poloviny XIX veka. [The Social Structure of the Kazakhs in the First Half of the 19th Century]. Alma-Ata: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1958. 296 p. (in Russian).

20.Qozhaquly O. Qazaq-qoqan qarym-qatynastary[Kazakh-Kokand Relations]. //Qazaq Tarihy, no. 1, 2002, pp. 24–25. (in Kazakh).

21. Qozhaquly O. Ontustik Qazaқstandagy Qoqan handygynyn ezgisine qarsy koterilis[The Uprising against Kokand Rule in Southern Kazakhstan].// Aqiqat, no. 2, 2015, pp. 14–21. (in Kazakh).

22.Qozhaquly O. Ontustik Qazaqstandagy Qoqan ezgisine qarsy koterilis [The Uprising against Kokand Oppression in Southern Kazakhstan]. //Otan Tarihy, no. 4, 2006, pp. 35–37. (in Kazakh).

23.Bakibaeva G. Qoqan handygy zhane Ontustik qazaqtary [The Kokand Khanate and the Southern Kazakhs]. //Qazaq Tarihy, no. 5, 2000, pp. 24–27. (in Kazakh).

24. Қozhamzharova D.P. Qoqan handygy zhane qazaqtar[The Kokand Khanate and the Kazakhs]. //Otan Tarihy, no. 1, 2016, pp. 5–14. (in Kazakh).

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY

ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI 03.20
ӘӨЖ/УДК/UDS 32 (574) (092):398.9 (=512.122)
https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.027

Н.Ө. Конрбаев[1], К.О. Сейтказина[2], Ж.Н. Қалиев[3]*

[1]PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
e-mail: nurjan12.kz@mail.ru
https://orcid.org/0000-0003-1284-3403

[2]Т.ғ.к, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
e-mail: seitkazina_ko@enu.kz
https://orcid.org/0000-0003-3057-7161

[3]П.ғ.к, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
e-mail: Kaliev_zhabai@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-7469-0396

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ҚОЛДАНҒАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Аңдатпа

Мақалада ұлт қайраткері, Алаш партиясы мен Алаш орда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның (1866-1937) өз еңбектерінде қолданған қазақ мақал-мәтелдері тарихи және этнографиялық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу барысында Әлихан Бөкейхан әр түрлі зерттеулерінде қолданған мақал-мәтелдердің құрылымдық, тарихи, тілдік, этнографиялық ерекшеліктерін анықтау. Мақал-мәтелдердің ұлттық танымын бейнелейтін философиялық мазмұны мен құндылықтарын талдау. Қазіргі таңда ел арасында қолданылып жүрген мақал-мәтелдермен салыстыра қарастыру. Зерттеу барысында мақал-мәтелдер тақырыптар бойынша бөлініп, қарастырылды. Мақаланы жазу барысында тарихи, этнографиялық және пән аралық байланыстары, жүйелеу мен тарихнамалық саралау, сипаттамалы-талдамалы әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Әлихан Бөкейханның өзі жазған әр түрлі еңбектерінде кездесетін мақал-мәтелдер тарихи және этнографиялық тұрғыдан талқыланды. Мақал-мәтелдер сөз тіркесі емес ұлттық ойлаудың коды негізінде қарастырылды. Мақаладағы мақал-мәтелдерден сол кезеңдегі әлеуметтік, қоғамдық және саяси мәселелерді, олардың төңірегіндегі қалыптасқан оқиғаларды білуге болады. Әр мақал белгілі бір себепке байланысты қолданылады. Әрбір мақал мен мәтел адамның ой мен идеясын анық жеткізеді. Мақаладан ғылыми тұрғыда Әлихан Бөкейханның қазақ рухани мұрасына еңбегінің мол екендігі туралы қорытынды жасалды. Әлихан Бөкейхан 160 аса мақал-мәтелді қолданғаны анықталды.

Түйін сөздер: Әлихан Бөкейхан, мақал-мәтел, тарих, этнография, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, дін, оқу-білім, жер мәселесі.

Алғыс. *Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру жобасын орындау барысында даярланды (грант BR28713085).*